

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қыркүйектегі № 997 Қаулысы

«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігіне Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі үшін мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығының электрондық цифрлық қолтаңбаларын шығаруды ұйымдастыру үшін 2011 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 87 600 000 (сексен жеті миллион алты жүз мың) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов